

"Талас ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" Талас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 шілдедегі № 35 - 10 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №40-10 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда № 2462 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2024 жылғы 13 наурыздағы № 17-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 13.03.2024 № 17-8 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, 39 – 3 бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Талас аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Талас ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" Талас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 шілдедегі № 35 – 10 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2288 болып тіркелген, 2014 жылғы 9 тамыздағы № 74 – 75 аудандық "Талас тынысы" газетінде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

"Талас ауданының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы" № 2 қосымшадағы "Қаратау қаласы" тарауындағы "Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй атаулары" бағаны "К.Берікбайұлы" көшесімен, "Өкілдерінің сандық құрамы" бағаны "1" санымен толықтырылсын.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Д. Нурбалтаев

Мәслихат хатшысы

Ж. Әсемов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ